

**Балқаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Алматы облысы Балқаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 251 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылды 19 желтоқсанда № 4962 болып тіркелді

"Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, Балқаш ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Балқаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.

2. "Балқаш ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының Алматы облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электронды түрдегі көшірмелерін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу және ресми жариялау үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулыны Балқаш ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында оның ресми жарияланғаннан кейін орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш ауданы әкімінің орынбасары Жұнісбеков Жанат Төлегенұлына жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Балқаш ауданының әкімі

F. Tokpejsov

Балқаш ауданы әкімдігінің 2018 жылғы "12" желтоқсандағы "Балқаш ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы" № 251 қаулысына қосымша

## **Балқаш ауданындағы қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі және оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) алғыс жариялау;
- 2) грамотамен марапаттау;
- 3) ақшалай сыйақы беру.

2. Балқаш ауданының полиция бөлімінің ұсынысы бойынша қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелері Балқаш ауданы әкімдігімен құрылған комиссиямен қаралады (бұдан әрі – Комиссия).

3. Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады.

4. Көтермеледеу түрлері, соның ішінде ақшалай сыйақы мөлшері, көтермеленушінің қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі ескеріле отыра, әдетте, 10 есе айлық есептік көрсеткіштен аспайтын, Комиссиямен белгіленеді.

5. Ақшалай сыйақыны төлеу үшін Комиссия қабылдаған шешімге сәйкес, қосымша Балқаш ауданының полиция бөлімі бастығының бүйрекі шығарылады.